



Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы ережені бекіту туралы<*>

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 24 наурыз N 399. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.12.04. N 1700 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:
Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы қоса беріліп отырған ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 24 наурыздағы
N 399 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі
мемлекеттік комитеті туралы
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті (бұдан әрі - Комитет) тікелей инвестицияларды ынталандырудың, басқарудың, оларды тарту мен пайдалану саласында үйлестірудің мемлекеттік саясатын жүзеге асыратын орталық және бірден

бір атқарушы орган болып табылады.

2. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының

Конституциясын, заң актілерін, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі шығаратын нормативтік актілерді, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар мен келісімдерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

II. Комитеттің негізгі міндеттері, қызметтің бағыты және функциялары

3. Комитеттің негізгі міндеттері:

экономиканың басымдықты секторларына тауарлар өндіруді;
жұмыстарды және қызмет көрсетулерді жедел дамытудың қамтамасыз ету үшін қолайлы инвестициялық ахуал туғызудағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

жаңа технологияларды, озық техникаларды және ноу-хауды енгізу;
ішкі рынокты жоғары сапалы тауарлармен және қызмет көрсетулермен қанықтыру;

отандық тауарлар өндірушілерге мемлекеттік қолдау көрсету және ынталандыру;

экспортқа бағытталған және импортты алмастырушы өндірісті дамыту;
Қазақстан Республикасының шикізат базасын ұтымды және кешенді пайдалану;

менеджмент пен маркетингтің қазіргі кездегі әдістерін енгізу;
жаңа жұмыс орындарын құру;
жергілікті кадрларды үздіксіз оқыту, олардың біліктілік деңгейін арттыру жүйесін енгізу;

қоршаған табиғи ортаны жақсарту болып табылады.

4. Комитет қызметінің негізгі бағыттары:

тікелей шетелдік және отандық инвестицияларды ынталандыру жөніндегі мемлекеттік саясатты жасау;

отандық және шетелдік инвесторлармен жұмыс жасаудың жүйесін құру, тікелей инвестицияларды ынталандыру және инвестициялық ахуалды жақсарту жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

Қазақстан Республикасының экономикасы және тікелей инвестициялардағы қажеттілігі туралы ақпараттық материалдарды әзірлеу және тарату;

тікелей инвестицияларды тарту мақсатында конференциялар, көрмелер және басқа да шаралар ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігімен, басқа да

мемлекеттік органдармен бірлесіп тікелей шетелдік және отандық инвестицияларды тарту және пайдалану мәселелерінде есеп жүргізу мен есеп беруді ұйымдастыру болып табылады.

5. Комитет мынадай функцияларды орындайды:

тікелей инвестицияларды тарту және пайдалану саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру шаралары жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

экономиканың басымдықты секторлары бойынша инвестициялық бағдарламалар мен жобалар әзірлеуге қатысады;

тікелей инвестициялардың есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық бағдарламалар мен жобаларды әзірлеуді және сараптауды ұйымдастырады және оларды жүзеге асыру жөнінде шаралар қабылдайды;

Қазақстан Республикасына тікелей инвестициялар тарту жөнінде келіссөздер ұйымдастырады және оған қатысады;

елдегі инвестициялық ахуалды жақсарту, тікелей инвестицияларды тарту және тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының заңдарын жетілдіру жөнінде ұсыныс әзірлейді және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді;

Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының, дипломаттық миссияларының және шаруашылық жүргізуші субъектілерінің тікелей инвестицияларды тарту және пайдалану мәселелеріндегі жұмысын үйлестіреді;

тікелей инвестициялардың тиімді пайдаланылуын бақылау жасауды ұйымдастырады;

кепілдік қорын құру үшін қажетті кәсіпорындармен акционерлік қоғамдардың тізбесін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

III. Комитеттің өкілеттігі

6. Комитетке өзіне жүктелген функцияларды орындау үшін:

өз құзыретінің шегінде министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың және ұйымдардың орындауы үшін міндетті нормативтік құқықтық актілер қабылдауға;

заңдарда белгіленген тәртіппен инвестициялық ынтымақтастық және тікелей шетелдік инвестицияларды тарту мәселелері бойынша келіссөздер жүргізуге және халықаралық шарттарға қол қоюға;

орталық және жергілікті атқарушы органдардан қажетті ақпараттар сұратуға және алуға;

белгіленген тәртіппен басқа да мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың басшылары мен мамандарын шақыра отырып өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңес шақыруға;

Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімдерінің жобаларын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізуге;

инвестицияларды ынталандыру және өзара қорғау туралы екіжақты келісімдерді бекіту жөнінде ұсыныс әзірлеуге және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізуге;

сараптаманы жүзеге асыруға және Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімдерінің, орталық және жергілікті атқарушы органдар актілерінің жобасын жасауға тікелей инвестицияларды ынталандыру бөлігінде қатысуға;

инвесторларға мемлекеттік заттық кепілдік, салықтық және кедендік жеңілдіктер беруге;

келіссөздер жүргізуге, инвестициялық келісім-шарттарды жасасудың және оларды бұзудың талаптары мен тәртібін айқындауға, келісім-шарттарға қол қоюға және оларды тіркеуге, олардың орындалуына бақылау жасауды жүзеге асыруға құқық беріледі.

IV. Комитеттің қызметін ұйымдастырудың негізгі мәселелері

7. Комитетті орынбасарлары: атқарушы директоры және директорлары бар Төраға басқарады.

Комитеттің төрағасы мен атқарушы директорын Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

Директорларды Комитет төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі тағайындайды.

Материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету шарттары бойынша атқарушы директор министрдің, директоры вице министрдің лауазымына теңестіріледі.

8. Комитеттің төрағасы комитетке жүктелген функциялардың орындалуы үшін жеке жауапкершілікте болады, атқарушы директор мен директорлардың міндеттерін айқындайды.

9. Комитетте оның Төрағасы (Кеңестің төрағасы), атқарушы директор және лауазымдары бойынша директорлар және Комитеттің қызметімен байланысты өзге де адамдар кіретін Директорлар кеңесі құрылады.

Комитеттің Директорлар кеңесінің жеке құрамын Комитеттің төрағасы бекітеді.

10. Комитет төрағасының Қазақстан Республикасының министрліктері мен комитеттерінің, қоғамдық ұйымдардың, фирмалардың, халықаралық қаржы ұйымдарының және банктердің басшыларын шақыра отырып Консультативтік

кеңес және басқа да кеңесші органдар құруға құқы бар.

11. Комитеттің өкілдіктерін қоса алғандағы қызметкерлерінің санын, құрылымын еңбекке ақы төлеудің шарты мен қорын, сондай-ақ кеңесшілерді, Консультанттары және сарапшыларды тартудың тәртібі мен шарттарын Комитеттің төрағасы бекітеді. Лауазымдық жалақылардың мөлшерлері республикалық бюджетті бекіту кезінде белгіленетін есепті көрсеткіштерге с ә й к е с т ү з е т і л е д і .

12. Комитет заңды тұлға болып табылады, Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде өз атауы жазылған мөрі, валюталық шотын қоса алғанда, банктерде шоттары болады.

Комитеттің орналасқан жері - Алматы қаласы.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі